# Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының ең аз мөлшері туралы" 2000 жылғы 26 ақпандағы N 70 қаулысына толықтыру енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 32 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 10 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5627 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 196 қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.28 N 196* қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының ең аз мөлшері туралы" 2000 жылғы 26 ақпандағы N 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1169 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен енгізілген өзгерістермен, ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3236 тіркелген) , Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 26 ақпандағы "Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының ең аз мөлшері туралы" N 70 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 30 қарашадағы N 256 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5080 тіркелген) енгізілген өзгеріс пен толықтырумен қатар мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы қаулының 1-тармағында белгіленген резервтік капиталдың барынша төмен мөлшері тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріне - 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін таралмайды.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттік Т ө райымыны ң қ ызметі (А. Ә . Кенже) Қ аза қ стан Республикасыны ң б ұқ аралы қ а қ парат құ ралдарында осы қ аулыны жариялау шараларын қ ол ғ а алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Төрайымның орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

*Төрайым* *Е. Бахмутова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК